

Бүгін Жемісті ауылдық округі тұрғындарымен кездесу болып өтті. Жиналысқа аудан әкімі М.Отаршиев, мен «Аманат» партиясынан сайланған депутаты, аудандық мәслихаттың хатшысы С.Таскулов, аудандық мәслихаттың бір топ депутаттары, ауданның дербес бөлім басшылары, ауыл билері, жергілікті қоғамдастық мүшелері, ауыл тұрғындары және жергілікті полиция инспекторлары қатысты.

Кездесу барысында, М.Отаршиев Сарыағаш ауданында атқарылған жұмыстар жөнінде баяндады. Аудан әкімі тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

Аудандық мәслихат хатшысы С.Таскулов ауылдық округі тұрғындарына «Сарыағаш аудандық мәслихатының атқарған жұмысы, оның тұрақты комиссияларының қызметі туралы» баяндама жасап, атқарылған жұмыстарға толығымен тоқталып, сонымен қатар аудандық мәслихат депутаттарының өз тараптарынан демеушілік есебінен атқарып жатқан жұмыстарымен де таныстырды. Жергілікті атқарушы орган және аудандық мәслихат алдағы уақытта да бірлесе отырып жұмыс істесек ауданымыз одан әрі дамитындығына сенімін жеткізді.

Жемісті ауылдық округі тұрғындары 2021 жылы атқарылған жұмыстарға алғысын білдіріп, қанағаттандырарлық баға берді.